


Мәкен УАҚТЕГІ



**ҚАЙРАТ**  
және  
**ЖЕЛТОҚСАН**  
**КӨТЕРІЛІСІ**



ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕ – 15 ЖЫЛ

Мәкен УАҚТЕПІ

Қайрат Рысқұлбеков атындағы  
қоғамдық қордың төрағасы

ҚАЙРАТ  
ЖӘНЕ  
ЖЕЛТОҚСАН  
КӨТЕРІЛІСІ

Алматы  
2001

УАҚТЕГІ М. Қайрат және желтоқсан көтерілісі.-  
Алматы. "Өркениет", 2001.- 32 б.

Күні кеше ғана өткендей көрінетін Желтоқсан оқиғасы тарихқа айналды. Ол туралы жинақталған құжаттар аз емес. Көзбен көргендер де, тікелей қатысқандар да баршылық - көбісі арамызда жүр. Мерзімді баспасөз беттерінде де жүйелі жазылып келеді. Кітаптар да шығып жатыр. Бірақ қазақ елінің ғана емес, бүкіл кешегі кеңестік кеңістікте аса елеулі құбылыс болған Желтоқсан оқиғасының күңгірт, қараңғы, былайғы жұртқа жұмбақ тұстары да көп.

Мәкен Уақтегі өз кітабында Желтоқсан көтерілісі батырларының бірі Қайрат Рысқұлбековтың өмірін арқау ете отырып, жоғарыда айтылған екіұшты жайларға өз көзқарасын білдіріп, көлеңкелі бұрыштарға шындықтың жарық сәулесін түсіруге ұмтылады.

Бұл кітабымды әкем Жұмаділ Отарбайұлы  
мен анам Жамал Төлепбекқызының  
рухтарына арнаймын

## АЛҒЫ СӨЗ

Менің өз басым саясаткер де, ғалым да, ақын-жазушы да емеспін. Орта білімді, қарапайым ауыл тұрғындарының бірімін. Құдіреті күшті Жаратқан Иеміздің демеуі шығар, он шақты жылдың жүзі болды, шамамның жеткенінше қоғамдық жұмыстарға араласып келемін.

Бірте-бірте байқағаным, әр халықтың намысы — ұлттық рухы ежелден қандарына сіңе қалыптасқан. Және де бір-бірлерінен өзгеше, айырмашылықтары да жетерліктей. Алысқа бармай-ақ, бұрынғы Кеңестер Одағына кірген мемлекеттерді алып қарайықшы. Балтық халықтарының сана-сезімдері ерте оянған, ұлтжанды қасиеттері басым, өркениетті елдерге бір табан жақындау. Ал, Кавказ халықтары болса, қызу қанды, ұйымшыл да белсенді. Әсіресе, шешендер, грузиндер, абхаздар, осетиндер т.б. Жоғарыдағы халықтардың намыс-рухтары өте биік деңгейге көтерілген. Сондықтан да шешендердің өздері таңдаған Президенті Аслан Масхадовтың басшылығында Ресейдей алып мемлекетке қарсы тұрып, қасық қандары қалғанша соғысып жатқандары үлкен ерлік емес пе?! Орта Азия халықтарының ұлттық рухы — намыстары жоғарыдағы елдермен салыстырсақ, ойдағыдай қалыптаспаған.

Кеңес Одағы кезеңіндегі 1930-32 жылдардағы ашаршылық, 1937-39, 1950-52, 1986 жылдардан бері үзбей келе жатқан саяси қуғын-сүргіндер Қазақ елінің тоз-тозын шығарып, рухын басып-жаншып, өте жасық халыққа айналдырды... Тәуелсіздік алғанмызға он жылға жуықтаса да ұлттық намысымызды өзіндік деңгейге көтере алмай келеміз.

Ардақты ата-бабаларымыз бен тәуелсіздік жолында құрбан болған боздақтардың әруақтарын қастерлей отырып, болашақ ұрпақтарымызды ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке, иманды-адамгершілікке тәрбиелеу ісін жандандыру бүгінгі күннің басты міндеті.

Тәуелсіздікке жол ашқан әйгілі Желтоқсан көтерілісіне биыл 15 жыл толады. Осыншама уақыт өтсе де, бірнеше жүздеген бейкүнә жастарымызды жазықсыз жазалап, қанға бөктірген екі жүзді қарақшылардың қылмыстары әшкереленіп, жазалану тұрмақ, олар ұялмай-қызармай арамызда алшаң басып жүр. Ірі-ірі қызмет тұтқаларын қолдарына ұстап қалды...

Желтоқсан көтерілісінің бас құрбаны — Қайрат Рысқұлбеков Республика Жоғарғы Соты Пленумының 1992 жылы 21 ақпандағы шешімімен толықтай ақталды... Содан бері 9 жыл өтсе де, Қайраттың өміріне қастандық ұйымдастырған қандыбалақ қанішерлер әлі анықталған жоқ.

Менің өзім бірнеше мәрте әуре-сарсаңға түсіп, 1993 жылы шілденің соңында Семейге барып, ер-намысты азаматтардың көмегімен Қайрат қайтыс болған түрменің 21 камерасына кіріп, оның мәйітін таңға жуық көрген дәрігер-сарапшы Болат Шалағановпен пікірлесе келе, оның ашып айта алмағанымен, жас боздақтың өміріне қастандық жасалғанына көз жеткізген едім... Өкінішке орай, жоғарыдан қолдап жүрген Мұхтар Шаханов ағамыз Қырғызстанға елші болып кетті де, жалғызсырап қалдым.

Қайрат арамызда тірі жүргенде наурыздың 13-інде 35 жасқа толар еді. Ал, оның өміріне қастандық жасалғанына 21 мамырда аттай 13 жыл толды... Осыларға орай, менің айтпағым, халық, қалың жұртшылық ащы ақиқаттарға әлі көз жеткізе алмай келеді. Осындай бүркемелі, келеңсіз жайлардың бет-пердесін тездете толық ашпасақ, әлем алдында, әсіресе, болашақ ұрпақтарымыздың алдында масқаралы ұятқа қалуымыз айдан анық.

## ҚАЙРАТ КІМЕДІ?!

Қайрат Рысқұлбеков 1966 жылы 13 наурызда Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Бірлік ауылында малшы әулетінде дүниеге келді. Қайрат 1973-1981 жылдары Шу ауданындағы Төле би ауылына орналасқан Сәду Шәкіров атындағы мектеп-интернатта оқып, сегіз жылдық білім алды. Мектепте сабақты жақсы үлгеріп, кластан класқа емтихансыз көшіп отырды. Қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, мектептің бастауыш комсомол ұйымының хатшысы болды.

1981-1983 жылдары Бірліктегі бұрынғы Киров атындағы орта мектепте оқып, он жылдықты бітірген соң, әскер қатарына шақырылғанға дейін әкесі Ноғайбайға жәрдемші-малшы болып, Көктерек товарлы-сүт фермасында жұмыс істеді.

1984-1986 жылдары Амур өлкесі Белогор қаласында әскери міндетін абыроймен өтеді. Әскери-саяси қызметтердің үздігі ретінде бірнеше мақтау қағазымен марапатталып, әскери бөлімше командирлері ата-анасына алғыс айтқан құрмет қағаздарын жіберді. 1986 жылы мамырда әскери борышын өтеп ауылға оралды. Тамыз айында әскери бөлімшенің жолдамасымен Алматыдағы Сәулет-құрылыс институтына келіп сынақтан сүрінбей өтіп, оқуға түсті... 1986 жылы 16 желтоқсанда Қазақстанның бас тізгіні қайдағы біреуге тапсырылуына бейбіт наразылық білдірген жастар мен студенттерге қосылып, Орталық алаңға шығып, шеруге қатысты.

Бірақ екіжүзді қанішерлер қарулы күшпен құр қол жиналған жеткіншектерді аяусыз ұрып-соғып, алаңды қып-қызыл қанға бояды. Ит қосып, өрт сөндіргіш машиналармен су шашып, жығылған, мерткікен жандарды қала сыртына әкетіп жатты. Қазақ қыздарын шашынан сүйреп, айуандықпен тепкіледі. Міне, осындай оспадар озбырлыққа шыдамаған, ана қауымын пір тұтып сыйлап өскен ер-намысты жігіттер қыздарға араша түсіп, «бұзық»

атанды. Араша түскендердің бел ортасында жүргендердің бірі Қайрат еді.

Қайраттың рухына байланысты өткізіліп жүрген шаралардан қалыспай, ақ жүректі тілегімен құран дұғаларын әруағына бағыштауға ниеттенген ауыл молдасы, марқұм Абас Смайылов ақсақал былай дегенді: «Біз 1977 жылдары «Көктерек» совхозының Көлтабан бөлімшесіне көшіп келген едік. Қайраттың ата-анасы бізбен көрші тұратын. Бала-шағалары көп еді. Анасы Дәметкен сауыншы болатын да, әкесі Ноғайбай көбіне бақташылық жұмыстар атқарды. Менің кіші қызым Раушанкүлмен жастары шамалас болғандықтан ба, Қайрат біздің үйге жиі келіп тұратын. Сол кездері-ақ үлкенді-кішілі бауырлары кір-қожалақ болып жүргенде, не бары он жастағы Қайрат мұнтаздай таза да әдемі, сүйкімді қалпынан таймайтын. Басқа балаларға қарағанда бөлек жаралғанын сонда-ақ байқаған болатынмын. Және де балғын жастығына қарамастан үлкен адамдарша байыпты сөйлей алатындығына қызығатынбыз. Әйелім Резван да іштарта жақсы көріп, ол келгенде әрдайым тәттілері мен бауырсақтарын ұсынатын...»

Қайратты Төле би ауылындағы С.Шәкіров атындағы мектеп-интернатта оқытқан ұстазы Александра Михайловна Поласкалина былай дейді: «Қайрат өте тәртіпті, үлгілі оқушы еді. Өзім оны ерекше жақсы көретінмін. Мектептегі комсомол ұйымының хатшылығына ұсынған мен болатынмын. Қаралы Желтоқсан оқиғасынан кейін Қайрат ұсталыпты деген хабарды естігенде, оның «бұзық әрекеттерге барғанына» менің жүрегім сенген жоқ. Қайраттың ақ екендігін қызметтес әріптестеріме талай рет айттым да...»

Қайраттың кластас құрбысы Сәлима Исаева: «3 сыныптан 8 жылдықты бітіргенше Шу ауданы, Төле би ауылындағы С.Шәкіров атындағы мектеп-интернатта Қайратпен бірге оқыдым. Бұл оқу орны негізінен Мойынқұм мен Шу ауданы малшыларының балаларына арналған еді. Сол кезде бірге оқыған кластас



құрбыларымының ішінде Қайрат ерекше дараланатын. Мен келгенде ол 3-сыныптың командирі екен. Алғашында байқағаным, Қайрат бұзықтау бала болып көрінді. Жүре келе ол бұзық емес, келеңсіз жайларға шыдамай жаны күйзелсе, бар ойын кімге болса да ашық та батыл айта салатын жан екендігін көрсетті. Өжет те қайсар болатын. Бізбен Қадиша деген қыз оқыған еді. Сол қыз шашын тарамай, сабалақ-сабалақ болып, бет-аузының кірін де жумай сабаққа келе беретін. «Іздегенге сұраған» демекші, мен де тазалық тексергіш - санитарка болып сайланған едім.

- Әй, сені де санитарка дейді ғой, неғып ана Қадишаның шашын таратып, қолының күсін жуғызбайсың? - деп, менің де жанымды шығаратын. Ол кезде мұғалімнің бетіне қарап сөйлеуге жүрексінетінбіз. Ал, Қайрат болса класс жетекшінің өзінен де қаймықпай: «Тәтей, ана Қадишаның түріне қараңызшы, «таза жүр» деп айтпасаңыз, соның қолының кірінен жиіркеніп, тамақты да дұрыс іше алмай жүрміз», - деп тіке айтатын.

Қайраттың қызықты қылықтарының бірі — кей балалар екілік алғандарында дәптерлерін, күнделіктерін жыртып, лақтырып жіберетін. Сол оқушылардың туыстары келгенде, Қайрат жаңағылардан бұрын алдынан шығып, олардың іс-әрекеттерін бұрынырақ жеткізетін. Әрине, тәртіп бұзғандар өкпелейтін. Бірақ Қайрат олардың да өкпелерін тез тарқататын. Оның тағы бір қасиеті — қолында барын бөліп беретін жомарттығы мен ақ көңілдігі. Бір жағынан Қайрат адам баласына, әсіресе жапа шегіп, зәбір көргендерге жаны ашып, қолынан келген жәрдемін аямайтын. Өзім кішкентайымнан әкемнің туған апайының қолында өскенмін. Ол кісінің қайтыс болғанына көп уақыт бола қойған жоқ еді. Интернаттың басшылары бір күні оқушыларға киім үлестіре бастағанда, маған пальто мен етік тиді. Сонда мұғалімдер мені шешесі жоқ деп мүсіркеп беріп отырған шығар деп, көңілім әбден құлазып, мұңайып қалдым. Бұл 6-сыныпта болатын. Сол кезде Қайрат менің қасыма келіп: «Сәлима, сен бұған

ренжіме, бұл киімдерді түсіне білсең, ата-анаңа көмек ретінде беріп отыр ғой» деп жұбатқаны әлі есімнен кетер емес. Сондай-ақ Қайрат замандастарымен хат жазысып тұрғанды да ұнататын. Тіптен Кореяның, Алманияның, Монғолияның пионерлерінен жиі-жиі хат алып тұратын... Қайрат I-сыныптан бастап бірге оқыған Гүләйім Құттыбековамен жарыса жыр жазатын да, екеулеп талқылайтын. Қайрат болса өз шығармаларын көбіне көпшілікке көрсетуге ұялатын. Гүләйім керісінше жазған өлеңдерін түрлі жиындарда да, жайшылықта да оқып беретін...

Сегіз жылдықты тамамдаған соң, мен Мойынқұмға, Қайрат туған ауылы Бірліктегі орта мектепке орналасқаннан кейін де хабарласып жүрдік. 1984 жылы Қайрат Армия қатарына шақырылғанда «қыздың жолы жіңішкелігінен» аттап кете алмай, қоштасуға бара алмадым. 1986 жылы мамырда азаматтық борышын өтеп ауылға оралғанын, кешікпей өз күшімен Алматыдағы Сәулетқұрылыс институтына оқуға түскенін естігенмін. Шындығын айтсам, сонау балғын шақтардан бастап-ақ Қайрат пен Гүләйім бір-бірін ұнататын. Гүләйім Қарағандыдағы жоғары оқу орнында оқып жүргенде де Қайратпен хат алысып, хабарласып тұрған еді. Кейінгі хабар-ошарларды тек Гүләйім арқылы біліп жүрдім.

1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне қатысып, «Қайрат адам өлтіріпті» дегенде, жағамызды ұстап, өз құлағымызға өзіміз сенбей, есеңгіреп қалдық... Қайрат қайтыс болды дегенде, бәріміз дерлік қан жылап, қасіретті қайғыға ұрындық. Әсіресе қаралы қаза Гүләйімнің жас жүрегін жаралап, өте ауыр дертке ұрынған халде қалды... Сондай қайғылы, күйзеле жүрген шағында Қайраттың рухына мынадай өлең шығарыпты:

*Ұзын да емес, қысқа да емес, ортамын,*

*Жүрегі жоқ адамдардан қорқамын.*

*Қанды қақпан қармағына іліккен,*

*Қайрат құрбым, торқа болсын топырағың!*

Ерлігіңе қуанам да сүйінем,  
Қайрат құрбым, рухыңа мен иілем.  
Бәйшешектің солғанына аһ ұрсам,  
Әділ жанның қазасына күйінем.

Жыр шашатын жүрегің де тілінді,  
Есімің де ел аузына ілінді.  
Тіршілікте елеусіз боп жүрдің де,  
Көз жұмған соң, кім екенің білінді...

Қайрат Рысқұлбеков атындағы орта мектептің ұстазы Ажар Әбжапарқызы Кененбаева: «Қайрат бұл мектепте 9-10 кластарда оқыды. 2 жылғы класс жетекшілігімде оның мінезінің қыр-сырын толық білдім деп айта алмаймын. Бірақ Қайраттың мінезі салмақты, әр нәрсеге байыппен қарайтынын байқап едім. Гитарада ойнайтын, өлең де шығаратын. Суретті де жақсы салатын. Парталас құрбыларының арасында сыйлы, беделді болды. Өзіне тапсырылып, міндеттелген қоғамдық жұмыстарды дер кезінде орындайтын. Мереке күндеріне орай шығарылатын газеттерді әсемдеп, сурет салып, өз өлеңдерін қоса жариялайтын. Спортпен шұғылдануды ұнататын. Сондықтан орта бойлы денесі шымыр сомдалып, иықтылау болды. Ауданаралық дәрежедегі футбол жарыстарында әрдайым шебер ойыншылар қатарында көзге түсетін. Көп балалы отбасында тәрбиеленгендіктен бе, Қайрат көпшіл, шыншыл, әділ еді...

1987 жылдың көктеміне қарай болу керек, әкесі Ноғайбай аға біздің мектепке келіп: «Ажар, сен 2 жыл Қайратты оқыттың ғой, оның қандай екенін білетін шығарсың. Мінездеме қажет болып тұр» деген еді. Жоғарғыдай мағынада үлгілі қасиеттерін көрсете жазып, мектептің сол кездегі директоры Тәжібай Сүйкімбековке мөр бастыруға әкелгенімде, онымен танысқаннан кейін: «Мектептің атынан мұндай мақтау құжат жіберуге болмайды»- деп, жыртып тастады... Ноғайбай ағай мұңа күйзеліп, екі иығы салбырап шығып кетті... Шіркін,

Қайрат егер тірі болғанда, қазақтың аяулы азаматы болып өсер еді...»

Мен 1980 жылдары «Көктерек» совхозында сүт таситын машинаны жүргізетінмін. Сол кездерде Қайрат Шу ауданы Төле би ауылындағы мектеп-интернатта оқитын. Жексенбі күндері ауылға келгенде, таудағы ата-анасына көбіне менің автокөлігіммен қатынайтын. Бүгін есімде қалғаны, Қайрат анау-мынау тентек балаларға қосылмай, жеке дара жүргенді ұнататын. Мінезі сабырлы да салмақты еді. Жастайынан әскер қатарына шақырылғанша, бақташы әкесі мен сауыншы анасына әрдайым қолғабыс жәрдемін көрсетіп, еңбекке араласатынын жиі байқайтынмын. Қайрат қайтыс болған соң, 1988 жылы жазға салым, жылжымалы моншамен таудағы малшыларға барып қалғанымда, анасы Дәметкенге көңіл айта отырып, «Алланың жазуы осы шығар, көп мұңая бермеңіз. Ұзамай шындық орнауы керек. Колбин кеткен соң көрерсіз әлі, Қайраттарды ақтап, оларға батыр атақтарын береді»- деген болатынмын. Құдайдың өзі аузыма салды ма, ерекше бір рухани күш айтқызғандай халде едім...

Қайраттың ауылдағы құрбысы Айнаш Омарова: «Өзіміз құралпы жастар бұрынырақтарда анда-санда мереке күндерін ойын-сауық ретінде бір үйге жиналып атап өтетінбіз. Біз сол тамашаларға Қайрат қатынасса ғана баратынбыз. Ол кештің еш жанжалсыз, қызықты-тартымды өтуіне ықпал ететін. Қайрат ішімдікке жоламайтын, жеңіл-желпі қызып алған ер балалардан қорғай жүріп, қыздардың барлығын дерлік үйді-үйлеріне өзі жеткізіп салатын...»

Көп балалы ана Келімжанова Маржангүл: «Қайрат Киров атындағы орта мектепте егіз ұл-қызым Асқар, Гауһармен бірге оқып еді. Біздің үйге жиі келіп тұратын және өте кішіпейіл, бауырмашыл болатын. Мені ылғи «мама» деп атайтын. Отбасымызға соңғы рет 1986 жылы 10 желтоқсанда келіп, Асқарды әскерге шығарып салды. Көп ұзамай-ақ, жаңа жылда Қайратты ұстап алып кетті деп естідік те таңқалдық. «4000 сом берсе, түрмеден шығарып алуға болады екен», - деген хабарды ести сала,

өзімен бірге оқыған ұл-қыздармен, жора-жолдастарымен ақылдаса отырып, ақша жинай бастадық. Шамасы келгендері 100 сомнан, арты 50 сомнан берді. Қаражат жинауға Тұмақбаев Амангелді, Тұмақбаева Алтын, Құлбаев Берік, Шілдебаев Нұрлыбай, Бояубаев Сатай, Әйтішев Жұмақан, Тұрғынбаева Гүләйім, т.б. белсене көмектесті. Бүгінде Жамбыл облыстық ауруханада тіс дәрігері болып қызмет істейтін қызым Гауһар қаржы жинасса, армия қатарындағы Асқардың орнына өзім 100 сом қостым. Қайраттың құрбы-жолдастары Талжігітов Мейірхан — жүргізуші, Алматыда ҚазМУ-де оқитын Исадықов Нұрлан және Арғымбекова Жасұландар жиналған қаражатты Алматыға апарып, Қайратқа жолыға алмай, анасы Дәметкенге табыстаған.

Сол 40 шақты жора-жолдастарынан жиналған ақшаны алып баратын балаларға, қаржы бергендердің тізімін ақ қағазға қызыл бояумен жазып, терезеден Қайраттың өзіне көрсетіңдер деп едім, ол ойым іске аспады. Жас боздақтың өміріне араша түсе алмағанымыздың өкініші есіме түссе, осы күнге дейін өзегім өртенеді».

Ғ.Насыров (ол кезде студент): «Марқұм Қайрат Рысқұлбековтың алаңда жиналғандарға: «Жігіттер, үш күнге шыдайық. Үш күн ішінде біздің дауысымыз Біріккен Ұлттар Ұйымына жетеді!»- деген жан дауысы әлі күнге дейін құлағымнан кетпейді”.

## ҚАЙРАТТЫ ӨЛТІРГЕН КІМ?

«Алла-ай, өзің бір сәтсіздік үшін ғана туған адам екенсің», - деп қалды досым маған сенімсіздікпен қарап. Бар болмысымен күйзеле айтты. Бұл не дегені? Сонда не, ол сенбегені ме менің ақ екендігіме? Менің жаладан, нақақтан күйген жаралы жүрегіме де қарамағаны ма? Егілген жанымды сезбегені ме? Егізімнің сыңарындай көретін досымның да мен туралы бар ұғымы осы болғаны ма?»

(Қайрат Рысқұлбековтың қойын дәптерінен).

1987 жылдың жаңа жылында ішкі істер органының қызметкерлері «Алматыда бір төбелеске қатысты» желеуімен Қайрат Рысқұлбековты Мойынқұм ауданының орталығында тұратын нағашысы — Мәдібек Асанбаевтың үйінде демалып жатқан жерінен таңға жуық ұстап әкетеді...

Кейіннен, көпшілікке мәлім болғандай, аға тергеуші А.Л.Дубаев дегеннің аяр да зымиян әрекеттерімен Қайратқа неше түрлі айла-шарғылар қолданыла отыра, Сергей Савицкийдің өліміне тікелей кінәлі етеді. Қазақ КСР-і Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі коллегиясының төрағасы Е.Грабарниктің 1987 жылы 16 маусымдағы Үкімімен Қайрат Рысқұлбеков — ең жоғары жаза — өлім жазасы — атуға бұйырылды. Қазақ халқының қаһарманына жабылған жалған айыптаулармен шығарылған бұл үкім халық заседательдері А.Түсіпбекова мен Л.Юсуповалардың, мемлекеттік айыптаушы Е.Баймұханбетовтың, қоғамдық айыптаушылар Ж.Жұмабаев, М.Толысбаева, А.Оразовтардың қолдауларымен шығарылды. Сол кезде республика Жоғарғы Сотының төрағасы Т.К.Айтмұханбетов, прокуроры Ғ.Б.Елемісов еді.

Өмірі қыл үстінде тұрғанына қарамастан Қайрат өзгелердің тағдырларына жанашырлықпен қарап, қолынан келгенше қорғауға тырысқандығына тәнті болдық. Өткен

жылы Алматыдағы Сәулет-құрылыс академиясында туған күні — 13 наурызда — Қайратты еске алу жиынын көпшілік болып атап өткен едік. Ұлағатты тәлім-тәрбиелі басқосуда аталмыш оқу орнының бұрынғы доценті Әркен Уақов:

— Осы Академиядан Желтоқсан көтерілісіне студенттер көп қатысқандықтан, бізді де заң орындары айтарлықтай қыспаққа алды. Қызметтес әріптестерімнің бірі мені ұйымдастырушы етіп көрсеткенін білдім. Тергеушілер Қ.Рысқұлбековпен беттестіріп:

— Мына кісіні танысың ба? — деп Қайраттан сұрады. Ол бірден-ақ «танымаймын» деді. Тергеуші: «Қалай танымайсың, студенттерді «алаңға барыңдар» деп үгіттеген мұғалімніңді ұмытып қалдың ба?» дегенде, Қайрат: «Бізді ешкім үгіттеген жоқ, өзім бардым алаңға» деп мені ашық қорғады. Егер сонда Қайрат басқаша жауап бергенде мен де ату жазасына кесілген болар ма едім, — деп көзіне жас алып тұрып, қыршын боздақтың рухына шын көңілімен ризашылығын білдірген еді...

Ашығын айтқанда, жерлесіміз Қ.Рысқұлбековтың ауыр жаза алуына Мойынқұм ауданындағы сол кездегі аупарткомның идеология жөніндегі хатшылары да белсене атсалысып, «Қайрат наша шегетін, бұзық болатын, арақ ішетін» деп мекемелердегі партия ұйымы жиындарының дайындаған мінездемелерін жоғарыға жібертуге айрықша ықпал еткен.

1992 жылғы 13 наурызда Қайраттың туған күніне орай өткізілген үлкен жиында 1986 жылдары аупарткомда идеология хатшысы қызметінде болған Жұмабек Орынбаев жолдастың жоғарғыдай әрекеттерін ашына атап өткенмін. Көп ұзамай-ақ, аудан басшылары мен «зиялы ағалар» бізге қарсы топ ұйымдастырып, Қайрат Рысқұлбеков атындағы қордың бас тізгінін өз қолдарына алғылары келді. Бірақ «аққа әрқашанда Құдай жақ» болғандай, қара ниеттілердің пасық ойлары іске аспады.

Аудан мешітінің имамы Саттар Сәтиұлы ғана арнайы ұйымдасқан топтың ортасында жалғыз қалған маған ашық қолдау көрсете білді...

Қайрат темір тордың арғы жағында «қапылыста оқ тиіп жараланған арыстандай» арпалысып жатқанда, өркеніетті елдердің зиялы қауым өкілдері Бас хатшы Горбачев пен КСРО Жоғарғы Советі Президиумының төрағасы Громыконың атына оның жазасын жеңілдету туралы талап-тілекті өтініштерін жолдап жатты. Сондықтан да болар, Қайрат Рысқұлбековтың ату жазасы амалсыздан 20 жылға бас бостандығынан айыру жазасымен ауыстырылды... Бірақ Шу, Қарағанды темір жол бекеттері арқылы Ресейдің Свердлов облысына апарылатын Қайрат белгісіз себептермен Семей түрмесіне жеткізіліп, құпия жағдайда оның өміріне қастандық жасалды.

Бірнеше мәрте әуре-сарсаңға түсе жүре, ақсуаттық ақын Серік Жұматовтың жәрдемімен 1993 жылы шілденің соңында Қайраттың 1988 жылғы 21 мамырда таңға жуық қайтыс болғанда мәйітін алғаш көрген азаматтың бірі Дәулет Дубәкіровты таптым. Ол дәрігер-сарапшы Б.Шалағановпен жолығуға көмектесті. Облыстық Жастар одағы жетекшілерінің бірі Рахат Алтайұлы және телекомпанияның тілшісі Тілеген Ахметовпен Қайрат қайтыс болған түрменің 21-камерасына кіргеннен соң Болат бізге: «Қайрат төсекте қырынан бүк түсіп, аяғын бауырына тартып жатты. Тамағында болар-болмас дақ бар. Жарақат белгілері жоқ. Адам жоғарыда асылмай, жерде отырып-ақ буынып өле береді. Менің түсінігімше, Қайрат дем жетпей, тұншығып өлген сияқты» деді. Камера қабырғаларының ені 2-2,5 метр шамасында, 3 метрдей биіктіктегі темір торға жіп пен іш көйлек (ол да Власенконікі) байлап, соған асылыпты... «Өзін-өзі асқан Қайраттың тізесі қалайша бүгілген? Асылып өлген адамды неге жан-жақты тексеріп, оны суретке түсіріп алып, сонан соң жерге жатқызыбаған?! Сұрақ көп, жауап жоқ. Дүдәмәл, күдік көп. Шындық, ақиқат жоқ.

Осыдан он шақты жыл бұрын бізбен қанаттас үйлерде бір жас жігіт асылып қалған еді. Ауылдық жер болса да, таңертең көрген туыстары мен көршілері 60 шақырым қашықтықтағы аудан орталығынан сарапшы-тексерушілер келіп, тексерулерін бітіргенше — түс ауғанша күтті.



Қазақстанның бір қиырындағы түрмеден әдейі алдырып, Қайратпен бір камераға орналастырылған қанды-балақ Власенко оны «асылып» тұрған жерінен шешіп алып, қолдан демалдырып, көмектеспек болыпты-мыс... Бұған кім сенер? «Адам өлтірген, қанішер қылмыскер» деп айып тағылған Қайраттың өзін жеке дара неге жатқызбаған?! Содан санаулы күндер бұрын жылы хабар жетіп, кейіннен кештеу де болса ақталып шығатындығына сенімі бар Қайраттың, ату жазасын 20 жылға өзгерткенін естігенде секіре қуанған азаматтың осыдан көп ұзамай өзіне-өзі қол салуы қисынсыз, тіптен мүмкін емес... Ашығын айта алмаса да, Болат Шалағановтың берген жауаптарына қарағанда, Власенко Қайраттың таңғы тәтті ұйқысын пайдаланып, оны тамағынан қылғындырған. Біздіңше, шындыққа жанасындысы - осы.

Көп ұзамай Власенко түрмеден босатылған. Неге? Мүмкін «Сыйға — сый, сыраға — бал» шығар бұл. Сол кездерде Қайраттың жұмбақ өлімін анықтауға атсалыса бастаған Мұхтар Шахановқа жолыққанымда:

— Власенконы алдыртып, кабинетімде жеке сөйлескім келіп еді, ішкі істер органының екі қызметкері жанынан кетпей қойды. Сонда Власенко: «Қайратты өлтірген мен» дейді де, іле-шала «жоқ» деп, есалаң адамның сөзін сөйлейді. Жеке қалғанымызда мүмкін бәрін ашып айта-тын ба еді,- деп, өкінішін білдірген болатын...

Бір жолы Алматыдан: «Қайраттың өліміне байланысты материалдық шығындарыңызды қайтаруға төлеу өтемі туралы мәселе 1993 жылы шілденің 20-сында Жоғарғы Сотта қаралады. Келіңіз» деп, анасы Дәметкен Асанбаеваны шақырған ресми қағаз келді. Жан-жақты ақылдаса келе, Семей сапарының да жақындауына орай мен де ілесіп баратын болдым. Мұхтар Шаханов болса Қырғызстанда, Коммунар Табейді тауып, мән-жайды түсіндірдім. Ертеңіне Алматы теледидары мен «Таңшолпандағы» жігіттерге де хабар беріп, оларды да сот процесіне шақырттым.

Басталған күні өзім де қатынасып, мынадай қиыншылық кезеңдерде Қайраттың туыстарының түрмыс жағ-

дайларының нашар екендігін, аса қажет жағдайда қор басқармасы есебінен де көмектер беріліп келгенін, сондықтан да оларға мемлекет тарапынан жеңілдіктер, жәрдемдер тағайындалса деген тілек айттым. Осы пікірімді бірер жылдай бұрын Алматы теледидарынан ғалым-жазушы Сәрсенбі Дәуітпен кеңінен берілген сұхбат әңгімеде де білдірген едім. Онда Қайраттың ғана емес, Ербол, Ләззат, Сәбира сынды жас боздақтардың туыстарына да мемлекет тарапынан жеңілдіктер берілуі жөн деп атап өткен едік.

Жоғарғы сот мүшелері тағы да керекті құжаттар дайындап, екі күннен кейін келіңіздер деді. Мен болсам ақсуаттық ақын Серік Жұматовпен уәделесіп қойған болатынмын, оған жеделдете жетуім керек. Әрі Семейдегі жігіттерге хабарласып, Қайраттың өлімі жайлы деректер алып қайтуым керек еді. Қайраттың анасы және Коммунармен ақылдасып едім маған «Семейге жүре бер, сотта өзіміз бір амал табамыз» деді. Сапар алдында Коммунар «Деректер табылып қалса, қайтарда жолығып кетіңіз» - деген.

Уәде бойынша, қайтар жолда соқтым. Түрменің қанды 21-камерасында айтылған, Б.Шалағанов пен біздің пікірлеріміз жазылған бейнетаспаны «Таңшолпанда» Кенжебай Ерсайынның көмегімен К.Табейге көрсеттім. Коммунар Қайраттың құны деп 31 миллион сом (62,5 мың теңге) берілетінін естіртті. Анасы Дәметкеннен сұрағанымда, материалдық шығын есебінде берілетінін айтты...

Содан бастап Қайраттың қорына қаражаттың келуі мүлдем тоқтап қалды. Жанашыр жігіттер «Қайраттың құнын алып қойды, енді қорға байланысты жұмыстарыңды әуре болмай тоқтатқаның жөн, енді ешкім қолдамайды» деді. Арада екі жылдай уақыт өткенде анасына: «Қайрат жайлы жинақ дайындап жатырмын, өзіңіз алған 31 миллион сомды оның құны емес, материалдық көмек ретінде алғанмын» деп жазып беріңізші дегенімде, Дәметкен тәтеміз: «Ақшаны аларда Қайраттың құнына алдым деп, қағазға қол қойып қойдым ғой» дегенде, есеңгіреп отырып қалдым...

Қ.Рысқұлбеков атындағы мектептің жетекшілерімен кеңінен ақылдаса келе Президентіміз Н.Назарбаевқа, Парламент төрағасы Ә.Кекілбаевқа, «Жас алашқа», Теле-радиокорпорациясының басшысы Ә.Көпішевке, «Азаттық» Радиосына Қайраттың «құны» жайлы наразылығымызды келтіре 127 кісі қол қойған Үндеу хат жібердік. Жоғарыдағы жорықсыздықтар туралы «Азаттық» радиосы екі мәрте толыққанды хабар берді. Қалғандары үн-түнсіз қалды.

Анығына келсек, Қайраттың өлімі Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхаметжановалардың қазарына қарағанда тіптен өзгеше.

Қатігез сот алдында ақтық сөзінде:

*...Күнәдан таза басым бар,*

*Жиырма бірде жасым бар.*

*Қасқалдақтай қаным бар,*

*Бозторғайдай жаным бар.*

*Алам десең, алыңдар!*

*Қайрат деген атым бар,*

*Қазақ деген затым бар.*

*«Еркек тоқты - құрбандық»*

*Атам десең, атыңдар! -*

деген Қайраттың жан дауысын исі қазақ жұрты естіп, жүректері егіле-езіліп күйзелмеген жан қалмаған шығар.

Қайрат қайтыс болған сәттен бастап-ақ, ҰҚК-нің екі қызметкері (біреуінің фамилиясы Ерімпашов) Бірлік ауылындағы боздақтың туыстарының үйін торуылдап көпке дейін кетпеді. Оларды Семейге жібертпеуге жанталасты. Қырқын күттірмей анасы Дәметкенді таудағы сауыншылық жұмысына қудырды...

«Тыңшылар» осыменен іс бітті деп тоқтап қалған жоқ. 1996 жылы 13 наурызда Қайраттың 30 жасқа толған күнін атап өтпекші болып, Алматыдағы Сәулет-құрылыс академиясында үлкен жиын өткізуге талпынып едік. 13 наурыз жақындағанда, кітапханашы қыздар үрейлене абыржып «Бізге ҰҚК-інен біреу хабарласып, жиынды кімдер ұйымдастырып жатқанын сұрады» деді. Айтқанындай-ақ, Қай-

раттың туған күніне арналған сол бас қосуға ҰҚК-нің екі қызметкерінің қатынасқанын білдік. Нәтижесінде адамдар аз жиналды.

Қайраттың қайтыс болғанына 12 жылдан асса да оның өлімі туралы деректерден ҰҚК әлі күнге дейін үрейлене сескенеді екен. 2000 жылы 22 мамырда кешкісін сағат 20.30-да оны еске алу мақсатында «Отандастар» телебағдарламасының редакторы Сәуле Жиреншинамен тікелей эфирге шыққанда да ҰҚК-нің араласқанын байқап қалып, көп шындықтар мен іс-жоспарларды ашып айтуды жөн көрмедім.

Жүйкені жұқартар әуре-сарсаңы жетерліктей ондаған жылғы қауіп-қатерлі қиыншылықтарды басымнан өткізе отыра, мынадай тұжырымға келдім:

Біріншіден, Желтоқсан көтерілісіне байланысты жүргізілген жалған айыптаулар мен тергеулердің астарлары ашылып қалмас үшін;

Екіншіден, қайтыс болған Сергей Савицкийдің өліміне орай қозғалған істерді тап-тұйнақтай жабуға;

Үшіншіден, ең негізгісі, кейінгі жас ұрпақты келешекте Желтоқсандағыдай көтеріліске қайтадан тізе қоса көтерілмеуге, оларды әрдайым үрейде ұстау мақсатында — Қайрат қанішер Власенконың қолынан әдейілеп өлтірілді!

Бұған қосып айтарым, осы қанқұйлы зұлымдықты ұйымдастырушылар өзіміздің қазақтарымыз. Егер олар басқа ұлт өкілдері болғанда, Қайратты өз қандастарына емес, кез-келген қазаққа өлтірткен болар еді... Сонда қастандықты ұйымдастырушылар кімдер?! Олар — Қайратты жазықсыз соттағандар. Оны Семей түрмесіне апартқандар. Власенкоға тапсырма бергендер...

Желтоқсан көтерілісінің болып өткеніне 15 жылға аяқ басқанымен әлі күнге дейін сол қаралы оқиғаға байланысты кінәлі деген бір жанның табылып, жазаланбағаны да қайран қалдырады.

Өткен жылғы 22 мамырда «Отандастар» хабарында тікелей эфирге менімен бірге шыққан белгілі тарихшы-ғалым Мәмбет Қойгелдиев: — Жұмыссыз сенделіп бос

жүрген жас Қайраттар көбейіп кетті ғой,- деп әңгімеге тартқан еді... Бәсе, осындай келеңсіздіктерге кім кінәлі?! Қыршындарынан ерте қиылған Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбиралар ма, әлде біз өзіміз бе?!

Ғарыш заңдылығы бойынша кімде-кім біреуге жамандық жасаса, сол жамандық түптің-түбінде әлгі адамға қайта соғады немесе жақындарына әсер етеді екен. Осыған орай айтпағым: «Желтоқсан көтерілісіне байланысты жас боздақтардың қандары төгіліп, көптеген жастар жазықсыздан-жазықсыз зәбір шекті. Бұған кінәлі лауазымды басшылар арамызда алшаң басып жүргені аздай, бүгінде миықтарынан күліп қойып, жайбарақат жүр. Ал қазақ ауылдарының тоз-тозы шығып, ата-бабаларының қоныс-мекендерінен жұртшылық бастары ауған жаққа көш түзеді. Бұл сорақылық Мойынқұм ауданында ерекше көрініске айналды. Қайраттың туып-өскен ауылы Бірліктің де берекесі кетіп, екі үйдің бірі бұзылып, ұрлық-қарлық көбейіп, жастар қалаларға қоныс аударды.

1991 жылы қыркүйектің 28-інде Семейдегі зиратына құлпытас қойылып, ас берілгенде аспан түнеріп, оқтын-оқтын жаңбыр жауып тұрды. Көп ұзамай, желтоқсанның 13-18 күндерінде ақындар айтысы мен спорттық жарыстар ұйымдастырылғанда, қатынасушылар Қайраттың зиратының басына жиналып, әруағына бағыштап құран оқытқанда да қар жапалақтап жауумен болды. 1993 жылы ақпанда Тараз қаласында «Желтоқсан жаңғырығы» спектаклінің тұсау-кесер қойылымында да жоғарғыдай табиғат құбылыстары қайталанды. Әсіресе, мына оқиғалар ешқашанда көкейімнен кетер емес: Қайратты Мойынқұм ауданында тұтқындауға белсене атсалысқан ішкі істер органының белді қызметкері аяқ астынан ауырып, ұзамай қайтыс болып кетті. Ал оны кісендеуге көмектескен екіншісі — Бірлік ауылының бұрынғы учаскелік инспекторы кейінірек жол апатынан соң мүгедек болып қалды...

## СЕКЕР АҒА ҚАЙРАТТЫҢ ҰСТАЗЫ ҒАНА ЕМЕС...

1970 жылдары жақын ағайындардың шақыруымен Шу ауданынан көршілес Мойынқұмның Бірлік ауылына көшіп барған едік. Мамандығым жүргізуші болғандықтан көп жылдар ауыл шаруашылығының әртүрлі салаларында жұмыстар атқардым. Сонда байқағаным, ауылдық жерлерде, қалаларда, қайда да болмасын, жергілікті шенеуніктер тарапынан әділетсіздік нышандары сезілетін. Әсіресе бүгінде осындай келеңсіз жайлар тайға таңба басқандай анық байқалады.

Бірлік ауылында, тіптен Мойынқұм ауданында да өрескелдіктер орын алып тұратын. Жазықсыздан-жазықсыз жапа шеккендердің ең алдымен өздеріне сүйеніштірек іздейтіні бесенеден белгілі. Бейкүнә жүректері жаралана қиянат көргендердің мұңын шағып, көмек сұрайтын арқа тұтар азаматы Бірлікте көп жылдар ұстаздық қызмет атқарған Сейіткерім Қожаназаров еді.

Малы ұрланғандар да, әкімсымақтардан зәбір көргендер де, жалғыз басты жандар мен көп балалы аналар, т.б. Секеңе өтініш-тілектерімен жиі келетінін және көбінің көкейтесті мақсаттарының орындалатынын жұртшылық ризашылықпен айта жүретін. Қылышынан қан тамған Кеңестер дәуірінде аудандық партия комитетін ширек ғасырдай басқарған Айтбай Назарбековтың негізгі ағаттықтарын ашық айтып, дәлелдеген Сейіткерім Қожаназаров еді...

Өзіме келсем, 1988 жылдың күзінде жүргізушілік жұмыс істей жүре Көктерек кеңшарының директоры мен аудандық партия комитетінің хатшысы арасындағы сыбайластықты әшкерелеп, олардың лайықты жазалануларына тікелей себепкер болдым.

Сол кезден бастап Секеңмен жете таныса бастадым... 1990 жылы Мойынқұм ауданында бағдарламасы мен жарғысын дайындап, «Қазақ тілі» қоғамын құрып, Сейіткерім Қожаназарұлы бірауыздан көпшіліктің қолдауына ие

болып, басқарма төрағалығына сайланды. Көп ұзамай Көктерек кеңшарының сол кездегі директоры Балтабек Таубалдиевпен келісе отыра, мені бастауыш «Қазақ тілі» ұйымының төрағалығына тағайындатып, жалақы бекітті. Кейінірек Үмітқұл Бекбаев деген жігіт директор болып келгенде де екі жақты қолдау көре бастадым...

1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы Қ.Рысқұлбеков 9-10 сыныптарды Бірлік ауылындағы орта мектепте оқыған еді. Ал Қайраттың әпкесі Гүлнәр Секеңдермен көрші тұратын. Інісінен келген әр хатты ол Сейіткерім ағаға көрсететін. С.Қожаназаров оларға әрдайым қамкөңілділіктен арылуға жәрдемдесіп, Қайраттың жазасын жеңілдету туралы жоғарғы жақтарға арыз-шағым жазып берумен болды.

1987 жылы аудан мұғалімдерінің тамыз мәслихатында Сейіткерім аға Қ.Рысқұлбековтың ату жазасын өзгертуге тиесілі орындарға сұраныс жасап, осы жиында қаулы қабылдайық деп мінбеден кетпей қояды. Облыстан келген өкіл Жандар Кәрібаев «Қожаназаров ақымақтың сөзін сөйлеп тұр» деген соң, жиналғандар жалтақтық танытып, аяқтарымен жер тепкілеп, улап-шулап Секеңе мінбені еріксіз босаттырады.

Алған бағытынан қайтпаған Сейіткерім Қожаназаров Қайрат қайтыс болған соң, 1990 жылы оның інісі Талғатты ертіп, Алматыға келіп Қ.Мырзалиевке құжаттар тапсырады. Қадыр аға «Қайраттың қорын құрыңдар» деп ақыл айтады. Секең жолыққан сайын маған жас қыршынның аянышты тағдырының мазалап жүргені жайлы әңгімелейтін. Кезінде әкесі Ноғайбай Рысқұлбековты халықпен таныстыру мақсатында С.Қожаназаров оны «Қазақ тілі» қоғамы басқармасына есепшілік қызметке де алды.

Газет-журналдарға мақала жазғанымда да ағалық ақыл-кеңестерін беруді ұмытпады. Көп ұзамай Секең мені басқарманың жауапты хатшылығына тағайындады. Облыс көлемінде алғашқылардың бірі болып «Ақсақалдар Кеңесін» құрып, көптеген игі шаралар атқардық. Елді мекендерді бірге аралап, халыққа үгіт-насихат жұмыс-

тарын жүргізе бастадық. Бірліктегі «Солнышко» балабақшасын «Ақбөпеге» ауыстыру жолында үлкен кедергілерге тап болып, айтыс-тартыстарды да бастан кешірдік. Бұл ретте облыстық «Ақ жол» газетінің тілшісі Рахметбек Өзбеков айтарлықтай қолдау көрсетті.

Кеңінен ақылдаса келе, 1991 жылы Ұлы Наурыз мерекесінде Мойынқұм ауданында Желтоқсан қаһарманы Қайрат Рысқұлбеков атында қор аштық. Секер (оны көпшілік осылай атайтын) аға жүрексіне толқығаныма қарамастан мені қор басқармасы төрағалығына сайлады. Құдайға шүкір, Қайрат атындағы қоғамдық қор халықтың, дархан жүректі жандардың көмегімен көптеген игі шаралар ұйымдастыра алды деп айта аламын. Бірліктегі Киров атындағы орта мектепке Қайрат Рысқұлбековтың есімін бергізерде де Секең ерекше табандылық танытты. С.Қожаназаров соңғы жылдары Алматыда тұрып жатқанымен қор жұмысына айтарлықтай көмектесуде.

Кезінде Мұхтар Шаханов ағамыз бізге қолынан келген көмегін аямады. Ал, Қайрат қорына жәрдемдесіп қолдайды деген үміттегі Коммунар Табей мырза болса «Қазақ әдебиеті», «Алматы ақшамы» беттерінде, «Қайсар рухты қазақ» кітабында бізді жөнсіз қаралап, жас боздақтың рухын қастерлеу мақсаттарында едәуір кедергілер келтірді. Осындай жорықсыздықтардан соң Коммунарды сотқа беру жайлы айтқанымда Секер аға «Асықпа, Қайрат туралы кітап жазып шығар» деп кеңес берді. Жүйкені жұқартқан бірнеше жылғы қиыншылықтардан соң, 1999 жылдың басында «Жалын» ЖШС-нің директоры Бексұлтан Нұржекеұлының ағалық көмегімен «Жәнібек—Тархан» корпорациясының президенті Ерболат Төлегенов мырзаның демеуімен «Ер намысы — ел намысы» жинағы жарыққа шықты...

1997 жылдың желтоқсанында Секеңмен Қарағанды, Теміртау қалаларының жоғары оқу орындары жастарымен кездесулер өткізіп жүргенімізде Коммунар Табейдің «Қайсар рухты қазақ» кітабы (40000 данамен шығарылған) туралы сауалдар да алдымыздан шықты. Бәріне көзі жеткен



соң ғана Секер аға К.Табейді сотқа беру ойымды құптады. Бұрынырақта Қайраттың рухына орай өткізілген басқосуларға Коммунарды шақырып, екеумізді жарастырғысы келген еді. Бірақ К.Табей жиындардан қашқақтады.

1998 жылдың ақпанында Алматы қаласындағы Жетісу аудандық сотына мені жөнсіз қаралаған мырзаның үстінен талап-арыз түсірдім. «Ауырып қалдым, Астанада болдым» сықылды жас балалардай желеулете уақыт созғанымен, 1998 жылы 8 көкекте Коммунар менен кешірім сұрауға мәжбүр болды. Халықаралық «Мұстафа Шоқай» қорының президенті Батырхан Дәрімбет пен Сейіткерім Қожаназаров және Жетісу аудандық сотының судьясы Бақытжан Шошықбаевтың алдында менің 3 (үш) талабымды орындауға уәде етіп, келісім жасалынып, сот ұйғарымы шығарылды. Бірақ К.Табей екіжүзділік танытып, осы уақытқа дейін талаптарымды орындамады. Б.Шошықбаевқа екі-үш мәрте жолыққаныммен, оңды нәтиже шықпады.

Осындай ауқымды істермен айналысып жүрген Сейіткерім Қожаназарұлының қажырлы қайсарлығына таң қаламын. Ол кісі сондай-ақ мемлекеттік деңгейдегі проблемаларды, жер мен ел тағдыры, т.б. өзекті ойларды баспасөз беттері арқылы белсене көтеруде. Бүгінде пайғамбар жасына жақындап қалса да Секең аяулы шәкірті Қайрат Рысқұлбековтың рухын қастерлеуге қатысты шараларға үзбей атсалысып келеді.

Мұғалімнің рухани бауыры,  
творчестволық ізденісі толассыз  
шәкіртіміз — Мәкен — қарағым,  
төзімсіз лебің үшін айтыс  
айтамын. Болашақ күлшөкпе,  
еңбектеріңе атамың бата тілек  
беремін: Қаламың қарымды,  
қадамның қарымды болсын!  
Қайрат Рысқұлбеков қырғидай  
күрметті президенті Сейіткерім  
Қожаназар. Қаскелең.  
23 Әмірхан К. Н Чүй - Чүй  
98-37-19.

## АҒАЖАН

Ауылдың барлық баласы,

Өзіңе қарап өсетін.

Ағажан, сынай қарашы,

Шәкіртің едім кешегі.

Өзгеріс бар ма бойымда,

Төңкеріс бар ма ойымда.

Көзіме бірақ мақтама,

Кемісім болса мойымда.

Не дейін, аға, не дейін,

Шалқыдым ба көлдейін.

Найзағай болып жарқылдап,

Жауа алдым ба селдейін.

Таныдың ба бала бүркітті,

Шыға алдым ба биікке.

Әлде ақтамай үмітті,

Қалдырдым ба күйікке.

Төмендеп, кейде биіктеп,

Өзіңнен сұрақ сұраймын.

Қансырап бала киіктей,

Құшағыңа келіп құлаймын...

Қайрат осынау өлеңін өзін қорғап, жебеп жүрген ұстазы Сейіткерім ағаға арнағанын ешкім жоққа шығара алмас... Оншақты жылдан астам жұбымыз жазылмай бірге жүргенімізде жетістіктерге жетсек жігерлене шаттанып, кей сәттерде жолым болмай, жаным жабырқаса әрдайым жанымнан табылып, ақыл-кеңесімен де, қажымас қайсар шапағатымен де демеуден жалықпаған Секер аға халқымыздың аяулы ұлы Қайраттың да, менің де рухани ұстазым әрі батагөй бауырым.

## МӘСКЕУДЕН КЕЛГЕН ҚОНАҚ

Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың кіндік қаны тамған жері Бірлік ауылында 1992 жылы 10 қыркүйекте орнатылған ескерткішіне демеушілік жасаған I-топ мүгедегі Мамырбек Әбдірахманов еді. Мәкең ескерткіштің ақшасын төлеп қана қоймай, Қайрат мектебінің озат оқушыларына стипендия тағайындап, Қайраттың ата-анасына көмек ретінде қаражат бөлді.

Ол бүгінде Мәскеу қаласында қызмет етіп жүрсе де қолы қалт еткенде жас боздақтың отанына келіп, оның рухына бағыштап құран оқытып тұруды ұмытпайды. Осындай мақсатпен 2000 жылы маусымның басында келген Мамырбекті Қайраттың інісі Ришат пен Сәрсенбай деген жігіт үшеуіміз Алматы – Мәскеу пойызына Шу теміржол бекетінен шығарып салған болатынбыз. Көп ұзамай маусымның 26-сында М.Әбдірахманов таксилетіп азанмен үйге келді. Шілденің аптап ыстығында бірнеше мың шақырым жердегі Мәскеуден қос балдақпен әуре-сарсаңға түсе атсабылтып жүргеніне таң қалдым. Шәй-пәй ішіп, аптығын басқан соң Мамырбек оңашалау сәтті пайдаланып, жолсапар мәнісін түсіндіре бастады.

1997 жылы М.Шаханов пен Ш.Айтматов бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» кітаптарының Бішкек пен Мәскеудегі тұсаукесер рәсімін өткізуге қомақты қаржы аударып көмектесіпті. Сол себептен де олармен Мамырбек айтарлықтай сыйластықты қарым-қатынаста екендігін білдірген. 2000 жылы маусымның 20-сына таман, М.Шаханов, Ш.Айтматовтармен кездескенде олар ақылдаса келе Мәскеуге іссапармен барған Н.Ә.Назарбаевқа Мамырбекті таныстырмақшы болады.

Нүрекеңе Мамырбекті Шыңғыс Айтматов кездестіреді. Шықаңның беделі Президентіміздің алдында өте жоғары көрінеді. Ол кісі Нұрсұлтан Әбішұлына М.Әбдірахмановтың қос балдақпен жүріп тындырған еңбектерін

айта келе, Қайрат Рысқұлбековтың рухын қастерлеуге де айрықша көмектескенін еске салады.

Сонда Нұрсұлтан Назарбаев:

— Қ. Рысқұлбековтың туыстарына Қайраттан да дүние жақын көрінеді. 1996 жылы Қайрат Рысқұлбековке Халық қаһарманы атағын берерде оның анасы қабылдауымда болып, Алматыдан 5 (бес) бөлмелі үй сұрады (бұрыңырақ “Мамыр” шағынауданынан екі бөлмелі пәтер берілген еді). Қайраттың құны деп те, басқалай да қомақты қаражаттар алды. Тараздан да пәтер беріліпті. Жамбыл облысының басшылары “Жигули” автокөлігін сыйлапты. Қайраттан басқа да Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұқаметжановалар Желтоқсан көтерілісіне байланысты қайтыс болған жоқ па еді. Олардың туыстары бізді мазалап жәрдем сұрамай-ақ жүр ғой,- деген Нүрекеңнің ренішін М. Әбдірахманов жан-жақты жеткізді.

Президентіміз Мамырбекке көмектесетінін білдіріп, жылы қоштасыпты да, Шыңғыс Айтматов екеуі оңаша қалыпты... Сыртқы дәлізде Шықаң М. Әбдірахмановқа: «Інішекке (мені айтқан болуы керек) сәлем айт, Желтоқсан көтерілісі мен Қайрат Рысқұлбековке байланысты істерді қозғай бермесін, әйтпесе кейін өздеріне қиын соғуы мүмкін» депті. Ал Мұхтар Шаханов «Тәуелсіз комиссия құрмасын!» деген сәлемімді жеткіз деген соң Мәкең алып-ұшып сонау Мәскеуден маған келген беті екен. Мамырбек М. Шаханов, Ш. Айтматовтармен кездестіруім керек деп, мені Бішкекке баруға үгіттеді. Мен оған айттым:

— Мұқаңды да, Шыңғыс ағаны әрқашан да құрмет тұтамын. Мұхтар Шаханов Қайрат Рысқұлбековке байланысты шараларға бір кісідей көмектесе білді. Осылар жайлы «Ер намысы — ел намысы» кітабында кеңінен жазылды да. Ал Шыңғыс Айтматовты бүкіл әлем таниды, құрметтейді. Ашып айтсам, тәуелсіз комиссия құрудағы мақсатымыз үлкен еді. Мұхтар ағаның шамасы жетпеді ме, халыққа қажет ащы шындықтар әлі толықтай ашыл-

ған жоқ. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан азаматтардың нақтылы есімдері әлі күнге дейін жұртшылыққа белгісіз. Сондай-ақ Желтоқсан боздақтарының өліміне, жазықсыз жапа шеккен жандардың азапты өміріне нағыз кінәлі лауазым иелері осы уақытқа дейін анықталмай отыр. Біз осылардың ақ-қараларын анықтап, халыққа жария етуіміз керек. Бұл маңызды істер қазақ елінің тарихына, болашақ ұрпақтарымызға ауадай қажет емес пе. Осындай ұлағатты шараларға атсалыспай, қалайша үн-түнсіз қарап отырамын.

Біз 1991 жылы 22 наурызда Мойынқұм ауданында Қ.Рысқұлбеков атындағы қордың есепшоты ашылғандығы туралы көпшілікке жариялаған соң кешкісін туыстарына жолығып, қор ашқандағы мақсатымызды ортаға салып, жиналған қаражатты тек Қайраттың рухын қастерлеуге байланысты игі шаралар ұйымдастырып тұру үшін жұмсаймыз деп Сейіткерім Қожаназаров екеуіміз жан-жақты түсіндіргенбіз. Бірақ Қайраттың әке-шешесі мен бауырлары қорға түскен қаржыдан анаған-мынаған ақша керек деп ақша сұрауларын қоймады. Кейіннен есептеп байқасақ, оларға әжептеуір қаржы беріліпті. Олардың кейбір жағымсыз қылықтары біздің жұмысымызға кедергі келтірді. Туған ауылындағы мектепке Қайраттың есімін бергізерде көптеген ағайындар оның туыстарының кемшілігін айтып, едәуір қарсылық көрсетті.

Қайрат бүгінде Рысқұлбековтар әулетінің немесе Мойынқұм ауданының ғана емес, барша қазақ халқының аяулы перзентіне айналған жоқ па. Сондықтан басшылар Қ.Рысқұлбеков атындағы қорға көмектесіп, оның рухын құрметтеуге, сегіз жыл оқыған Шу ауданының орталығы Төле би ауылы мен Алматыда оған ескерткіштер орнатып, Желтоқсан құрбандарына мұражай ашып, Сәулет-құрылыс академиясына жас боздақтың есімін бергізіп, Қайрат атында халықаралық сыйлық, стипендиялар тағайындаса нұр үстіне нұр болмас па еді. Мұндай игі шаралар Қайрат Рысқұлбеков үшін ғана емес немесе біздің атағымызды шығару

мақсатында емес, жастарымызды ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге қажет қой.

Шындығына жүгінсек, 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырушылар жайлы осы уақытқа дейін көмескі болып келе жатыр. Рас, Желтоқсанды жарыққа шығаруда Мұхтар Шаханов айтарлықтай еңбек етті. Мұқаңның 1989 жылы КСРО Халық депутаттарының съезінде экология мәселесін қозғаймын деп, Бас хатшы Горбачевты алдандырып, мінберден Желтоқсан көтерілісі туралы батыл түрде мәлімдегенінің өзі ерлік емес пе?! Артынша комиссия құруға мәжбүр етіп, сол бір қаралы күндердің бет-пердесін сыпыруға әрекеттенген еді...

Өкінішке орай, Желтоқсанның құпия сыры әлі күнге дейін толықтай ашылмады. Яғни, жоғарыдағы Парламенттік комиссия да, баспасөз ошақтары да, жеке қайраткерлер де Желтоқсан көтерілісіне бірден-бір кінәлі лауазым иелерін дәлме-дәл анық көрсете алмай келеді. Бірінің айтқандарын бірі қайталап: — Горбачев, Колбин, Камалиденов, Меңдібаев, Разумовский, Соломенцев, Власов, Мирошкин, Чебриков, Князев, Басаров, Дубиняк, Елемісов, Айтмұханбетов, т.б. деп жалғастырумен есіл уақыттарын ысырап етті.

Мәскеуден келген қонаққа осы айтқандарымды М.Шаханов пен Ш.Айтматовқа жеткізуін сұрадым...

Шыңдықтұ  
Мәкерман  
Мәкерман  
26.08.2001  
Айтматов  
Шаханов

**ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ – ҚАЙРАТ  
РЫСҚҰЛБЕКОВТЫҢ РУХЫН ҚҰРМЕТТЕУГЕ  
БАЙЛАНЫСТЫ ШАРАЛАРҒА БЕЛСЕНЕ  
АТСАЛЫСҚАН АЗАМАТТАР:**

Хасан Оралтайға, Алтынай Жүнісоваға (Омбы қаласы),  
Әлібек Мейірбекұлына (Жетісай қаласы);

Аман Тілеубайұлы, Бәттеш Сыдықұлы, Орал Шәріп-  
баев, Қайрат Мейрашев, Мерей Көшкінов, Болат Ша-  
лағанов, Тілеген Ахметов, Сайра Нүсіпбековаға (Семей  
қаласы);

Гүлзира Қожаназарова, Жамбыл Ақылбаев, Орал  
Абдрахимов, Абдрахман Найзабеков, Ерқара Айма-  
ғанбетов, Әбжаппар Әбдәкімов, Ләзиза Берденова, Сейт-  
қасым Бекбауов, Мәлік Қаражанов (Қарағанды облысы);

Қозы-Көрпеш Карбузов, ағайынды Байғұтты мен  
Арапбай Тортаевтар, Аманкелді Құсайынов, Әмина Мір-  
жүсіпқызы (Астана қаласы);

Батырхан Дәрімбет, Ермұрат Бапи, Болат Тасболатов,  
Бекен Үсенбаев, Ақан Бижанов, Гүлнәр Әлімбекова,  
Мұрат Өскенбаев, Оралжан Масатбаев, Жанкелді Отар-  
баев, Төлеубек Мұқашев, Талғат Айтбайұлы, Жанғара  
Дәдебаев және Желтоқсан батырлары: — Әркен Уақов,  
Қайыркелді Күзембаев, Құттыбек Аймақанов, Түгелбай  
Тәшенов, Жамбыл Тайжұмаев, Жансая Сәбитова, Қадыр  
Есімбаев, Қали Қамбаров т.б. (Алматы қаласы);

Аяз Бетбайұлы, Найманхан Нұпбайұлы, Ербол Жаман-  
балаев, Үмітқұл Бекбаев, Өмірәлі Садуақасов, Уәйділде  
Мансұров, Сұлтанғали Ахатаев, Сейілхан Ақылбеков,  
Берікбай Қадықов, Бағлан Қарашолақов, Оңласын  
Жиенқұлов, Ерманат Асанбаев, Тәжібай Бозшалов,  
Қыстаубай Байтуов, Бақытжан Текебаев, П.П.Норкин,  
Рақымжан Жаңабаев, Нілзия Рахышева, Алтынкүл Қа-  
сымбекова, Аманбек Қойшыбеков, Ақан Бейісбеков,  
Сәбит Садықов, Әуесхан Мырзатаев, Талғат Рысқұлов,  
Жақсығұл Алдекенов, Жұманқұл Күрпелдесов, Әзімхан

Есіркенов, Өмірхан Байдарбеков, Тұңғышбек Байқұлов, Балмұрат Бәденов, Бекен Сайлиев, Әділхан Байсымақов, Жақыпбек Демеуов, Рақыш Мәлібеков, Төреқұл Әлханов, Кенжебек Ыбырайымов, Марат Ақжігітов, Шашубай Досмайылов, Тынышхан Жаңабаев, Асқар Базылов, Асқар Көккөзов, Мейірман Жалмұханбетов, Алтыбай Орманов, Тұрар Бердіқожаев, Шәмші Қынатов, Ерқадыр Жұмабаев, Серік Жайылханов, Жұмажан Бигожина, Нұрсахан Назжетханов, Тынышқұл Бершиева, Бақыт Жұмасейітов, Асқар Дүйсебаев, Аманкелді Сланов, Жүніс Әлімбековке (Жамбыл облысы);

Жас боздақтың ескерткішін алғашқылардың бірі болып тұрғызған Зайсан қаласының азаматтарына;

Белгі тасын орнатып, Вишневская көшесіне Қ.Рысқұлбековтың есімін бергізген шымкенттік бауырларымызға алғысымыз шексіз.

Жоғарыда аты аталғандарды, есімдері еске түспей, ұмыт қалғандары болса, олардан кешірім өтіне отыра, барлығыңызды халқымыздың аяулы перзенті — Қайраттың әруағы қолдап, жебеп, Жаратқан Иеміздің шапағатты нұрына бөлене беріңіздер демекпін.



## МАЗМҰНЫ

Алғысөз.....	3
Қайрат кім еді?.....	5
Қайратты өлтірген кім?.....	12
Секер аға Қайраттың ұстазы ғана емес.....	20
Агажан.....	24
Мәскеуден келген қонақ.....	25
Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың рухын құрметтеуге байланысты шараларға белсене атсалысқан азаматтар.....	29

ЖИҒЫМ

Уақтегі Мәкен

Қайрат және желтоқсан көтерілісі


мақалалар

Редактор *Б. Дәрімбет*  
Суретші *Н. Нұрмұхамбет*  
Беттеуші *С. Ахметова*

ИБ N39

Басуға 04.05.01 қол қойылды. Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>.  
Қағаз офсеттік. Қаріп түрі “Таймс”. Офсеттік басылыс.  
Есептік баспа табағы 2. Таралымы 1000 дана.

“Өркениет баспасы” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.  
480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143. Тел.: 53-93-57.





Мәкен Уақтегі ауылда өсіп,  
көп жыл сол туған  
аймағында еңбек еткен.

Соңғы жылдары қоғамдық  
өмірге белсене араласып, тіл,  
ел, жер тағдыры туралы өткір  
ойларын ортаға салып жүр.

Қазір ол Қайрат Рысқұлбеков  
атындағы қордың төрағасы.  
Мәкең көптеген мақалалардың,  
екі кітаптың авторы.